



ТЕҢГЕ –  
ЕГЕМЕНДІК ПЕН  
ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ

015.336 (574)

Т 34

Т34

«Теңге - егемендік пен елдіктің белгісі»:  
Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының  
қабылданғанына 25 жыл библиографиялық жаднама  
/құраст. К.А. Жанашева.- Теміртау, 2018.- 32 б.



«Теміртау қаласының орталықтандырылған  
кітапханалар жүйесі» КММ  
Ақпараттық-библиографиялық бөлім

## **ТЕҢГЕ – ЕГЕМЕНДІК ПЕН ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ**

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық валютасының  
қабылданғанына 25 жыл

**БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ЖАДНАМА**

**Теміртау, 2018**

## ОҚЫРМАНҒА

Мемлекеттің егеменді ел екенін айқындайтын бірден-бір белгі – ақша айналымында өзіндік төл валютасының болуы. Бұл – мемлекеттің нағыз ел болуып қалыптасқан нышаны. Қазақстан Республикасы – егеменді, тәуелсіз демократиялық мемлекет. Оның өз Ата Заңы, Мемлекеттік рәміздері, Ұлттық валютасы бар. Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі – ұлттық валюта. Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Теміртау қаласы орталық кітапханасының ақпараттық-библиографиялық бөлімі төл теңгеміздің 25 жылдығына орай **«Теңге- егемендік пен елдіктің белгісі»** атты библиографиялық жаднама құрастырды. Жаднамаға орталық кітапхана қорындағы әдебиеттер мен қатар 2006-2017 жылдар аралығындағы мақалалар да енгізілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі материалдар мерзімдік басылымдардан алынды. Жаднаманы құрастыру барысында электронды каталог пен интернет қолданылды.

**Қалың оқырман жұртшылыққа арналған.**

## Ақшаның шығу тарихы

Бірінші тиындар Грецияда және Кіші Азияда күмістен соғылса, ал Қытайда мыстан құйылған. Уақыт өте келе тиын құны да күміс, алтын басты орын алды. Кейінірек оларға никель, алюминий қосылды. Сонымен қатар темір мен қорғасын көп қолданыла бастады. Тиынды соққанда оның беріктігін арттыру үшін алтынға және күміске мыс немесе қалайы қоспасын қосады. Бұл қоспа лигатура деп аталады. Тиынды асыл металдың үлесі – проба деп аталады.(Проба-қымбат металдың сорттығын көрсететін таңба.)Ол мемлекетпен белгіленеді.



ҮІ-ҮІІІ ғасырларда теңгелерді тайпалардың атақты адамдары шығартып, оған өз таңбаларың бастырған. ІХ-Х ғасырлардағы Қазақстан жерінде күміс дирхемдері, алтын динарлары, мыс теңгелері айналымда болды. Алтын динар халықаралық валюта ретінде қолданылды. ХІ ғасырдың басында саудада жоғары сапалы күміс дирхемдер болса, кейін мыс қосылған теңгелер шығарылды. ХІ ғасырдың аяғында күміс кендерінің сарқылуына байланысты күміс ақша шығару тоқтады. ХІ-ХІІІ ғасырларда күміс дағдарысына байланысты дирхемдерді мыстан құйып, сыртына күміс жалатты. Қала қолөнер, сауда орталығы болды. Қала халқы негізінен егіншілік, қолөнер, саудамен айналысты. Отырарда ішкі айналымға

арналған жазусыз мыс теңгелер шығарылды. Күміс теңгелер ірі халықаралық саудада қолданылды. ХҮІ-ХҮІІ ғасырларда созылған мыс теңгелерге хандардың есімдері жазылған. ХҮІІ ғасыр- Отырарда ақша шығаруда құлдырау кезеңі басталып, теңгелер Түркістан мен Ташкентте соғылды. Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы ақша айналымы теңге емес, жуан сыммен кесіп алу арқылы жасалған шағын мыс кесектер түріндегі ақшаның болуымен ерекшеленеді. Ұлы Жібек жолы – ежелгі және орта ғасырларда Шығыс пен Батысты байланыстырып, Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны қақ жарып өтетін керуен жолының жүйесі. Бұл жол Орта Азия мен Қазақстан территориялары арқылы өтіп, бірнеше сауда жолдары қалыптасып, дамыды.



## Ұлттық валюта - төл теңге

Халқымыз теңгені бұрын да пайдаланған. Ежелгі Қазақстан аумағында ақша бұдан көптеген ғасырлар бұрын пайдаланылған. Сырдарияда, Отырар алқабында түркі билеушілері, ал Жетісуда түргештер 7-8 ғасырларда өз ақшаларын шығарған. Отырар мен Исфиджабта монет сарайлары жұмыс істеген. Он төртінші ғасырдың соңынан бастап Қазақстанда Әмір Темір монеталары айналымға енді. Бұлардан басқа Қазақстан қалаларында саудада Самарқанд, Бұхара, Ташкент монеталары, негізінен, мыс динарлар пайдаланылды. Ерте замандарда теңгелерді Түркістан, Тараз қалаларындағы арнаулы шеберханаларда жасаған.

КСРО ыдырағаннан кейін кейбір оның құрамына енген республикалар өздерінің ұлттық ақша бірлігін айналымға енгізіп, яғни «рубль аймағынан» шығып кеткен болса, ал біздің республикамыз сол аймақта екі жыл бойы қалды. Оның басты себебі, Қазақстанда өзінің банкнота шығаратын фабрикасы мен Монета сарайы болмады. Сондай-ақ, Ресей Орталық банкі Қазақстанға қазақ нышандары бар рубльді шығарып беруді ұсынған. Соған қоса, олардың мынадай талаптары болды: біріншіден, егер рубльді пайдалану үшін Қазақстанның Ресейдің құрамына Ресей

Федерациясының субъектісі ретінде енуі; екіншіден, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жинаған небары 700 млн астам АҚШ долларындағы алтын-валюта резервін Ресейдің орталық банкіне тапсыру.

Міне осындай келеңсіз оқиғалардың орын алуы Қазақстанның, төл валютасын шығаруға еріксіз жол сілтеді. Сөйтіп, 1993 жылдың 12 қарашасында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы аумағында ұлттық валютаның енгізілуі туралы шешім қабылданып, 15—18 қарашада КСРО-ның 1961 — 1991 жылдарда шығарылған рубльдерін ұлттық валютамыз теңгеге айырбастау шаралары жүзеге асты. 1992 жылдың 27 тамызы күні Ұлттық банк теңге купюрасының үлгілерін бекітті. Ертесіне қазақ валютасын өмірге келтірген суретшілер **Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжелеловтер** Англияға аттанды.

1992 жылы құпия жолмен біздің алғашқы валюталарымыз 1, 3, 5, 10, 20, 50, 100 номиналдағы банкноталар түрінде төрт ғасырлық тәжірибесі бар ағылшынның пошта маркілері мен банкнота жасауды кәсіп еткен «Харрисон және оның ұлдары» компаниясымен өзара жасалған келісімшартқа байланысты шығарылды. Теңгенің арқасында аталмыш компания Ұлыбритания ханымының Алтын белгісімен марапатталып, біздің ұлттық валютамыз Британия корольдігінің ең үздік экспорттық өнімі аталды. Жер шарына атын шығарған теңгеге құрмет ретінде ағылшын компаниясының бас ғимаратында біздің ақшамыздың суреті салынған тақта ілінді.

**Ұлттық валютамыз Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 12 қарашадағы жарлығымен 1993 жылы 15 қараша күні таңертеңгі сағат 8:00-ден бастап енгізілді.**

Қазіргі күні бұл қағаз ақшалар металл ақша түрлерімен ауыстырылды. Ұлттық теңгеміздің шеттері қазақтың ою-өрнектермен безендірілген. Өр мемлекеттің ақшасы оның ұлттық



тарихын, ерекшеліктерін анықтайтын нышан. Төл теңгеміздің бірінші бетінде қазақ халқының әйгілі ұлы тұлғаларының бейнелері басылды.



Екінші бетінде ою-өрнектер, табиғат көріністері бейнеленіп, елтаңбамыз салынған. Теңгенің 16-ға жуық құпия қорғанысы, белгісі бар. Ұлттық валютамыздың дизайнын жасаушы авторлық топтың жетекшісі Тимур Сүлейменов болды. Қазақстан Ұлттық Банкі 2006 жылы айналымға жаңа дизайнды банкноттар дайындап шығарды, бұл банкноттар 200 теңгеден 10000 теңгеге дейін. 2006 жылы 15 қарашада Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 200, 500, 1000, 2000, 5000, 10000 теңгелік банкноталардың келбетіне өзгерістер енгізіп шығарды. Мұндағы шаралар банкнотадағы адам бейнесінің болмауын және олардың қорғаныс қабілетінің жоғары болуын көздейді.

Қазақстан теңгесі өзге де мемлекеттік символдармен қатар еліміздің экономикалық және әлеуметтік өмірдің көрінісінен хабар береді. Ұлттық валютаны енгізу ұлттық экономиканың аяққа тұруы мен еліміздегі нарықтық экономиканың белең алуының алғышарты болды.



## Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мұражайы

Қазақстандық валютаның жасалу тарихын болашақ ұрпақ үшін сақтап қалу мақсатында **1997 жылы 13 қарашада Ұлттық Банктің мұражайы ашылды.**

ҚР Ұлттық Банкінің мұражайы Банк жүйесінің даму тарихы кабинетінің базасында Мембанктің республикалық кеңсесінің басқарушысы В.А. Бондаренконың бастамасымен құрылды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мұражайының ресми ашылуы 1997 жылғы 13 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимаратында өтті. Мұражайға тұңғыш келген адам Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев болды, ол бұл күні мұражайдың «Құрметті қонақтарының кітабында» ескерткіш жазба қалдырды.

2002 жылғы 15 қарашадан бастап мұражай Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қалалық филиалының ғимаратында жұмыс істейді.

Бүгінгі күні мұражайдың қоры 5 мың материалдық мәдениет заттарын жинастырған. Бұл жерде XII — XIV

ғасырлардағы, қола және күміс монеталар, революцияға дейінгі Ресейдің, уақытша үкіметтің, РКФСР және КСРО-ның ақша белгілері, сондай-ақ ТМД елдерінің ақша белгілері сақталған. Мұражай қорында құны 5 және 10 рубль 1898-1899 жылдары шығарылған Николай II патшаның бейнесі бар орыс алтын монеталары, Ұлы Петр, Екатерина II, Николай II бейнесі бар күміс монеталар бар. Сондай-ақ жәдігерлер арасында Құны 5000 теңге салмағы 1 кг 925 сынамды күмістен жасалған, Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған күміс монета мұражайға келушілерді өзінің өлшемімен және дизайнымен таңғалдырады. Бұл жерде Түркістанның 1500 жылдығына арналған монеталар, ұлттық валютаның 10 жылдығына арнап шығарылған бірінші түрлі-түсті күміс монеталар, «Қазақстан Петроглифтері», «Қазақстанның қызыл кітабы», «Қазақстанның қолөнері», «Сәулет және тарихи ескерткіштер», «Көшпенділер алтыны», «Ертеде соғылған монеталар» сериясындағы монеталар сақталған. Мұражайға келушілер арасында Қазақстандық теңге сарайы шығарған — «Қызыл бөрі», «Регель қызғалдағы», «Шабандоз» алтын және күміс монеталар үлкен қызығушылық тудырады. Соңғы жетістіктер ретінде биколорлы монеталарды, эмалі бар proof сапасындағы күміс монетаны, ұлттық валютаның 15 жылдығына арналған салмағы 1 кг номиналы 50 000 теңге күміс және алтын бірегей монеталар шығаруды меңгеруді атап өтуге болады.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) жоғарғы бөлікте Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бес рет бұралып өрнектелген сегіз бұрышты розеткамен қоршалып бейнеленген және мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу орналасқан. Теменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50000 ТЕҢГЕ» деген жазу орналасқан.

Ұлттық Банк мұражайы Қазақстан Республикасының аумағындағы ең бірегей мұражайлардың бірі болып табылады. Ақша жүйесінің тарихы мен дамуы, ақша белгілері барлық кезеңдерде тану және талқылау үшін қызықты тақырып болды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мұражайы ақша белгілерінің алуан түрлі үлгілері ұсынылған жалғыз мұражай болып табылады.

## Әдебиеттер тізімі:

1. Аяған, Б. Қазақстанның жаңа тарихы: Үш томдық [Мәтін]. 1-том. Кеңес жүйесінің дағдарысы және ыдырауы / Б. Аяған, Ә. Ауанасова, А. Сүлейменов.- Алматы: Сөздік-Словарь, 2012.- 320б.- (Мәдени мұра).
2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің қалыптасу тарихы: альбом-кітап [Мәтін] / жалпы ред. Б.Ғ.Аяған = История формирования Государственных символов Республики Казахстан: книга-альбом.- Астана: Мемлекет тарихы институты; Литера-М, 2012.- 176б.
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері. Тәуелсіздік нышандары: фотокітап [Мәтін] / жобаның авторы Е.Шаймерденұлы = Государственные символы Республики Казахстан. Символы независимости = The state symbols of the Republic of Kazakhstan. Symbols of independence.- Алматы: Тау Қайнар, 2015.- 324б.- ("Золотая книга" баспасында дайындалды).
4. «Қазақстан Республикасының ақша жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 13.12.1993.
5. Мақыш, С.Б. Ақша, несие, банктер теориясы [Мәтін]: оқулық / С.Б. Мақыш.- Алматы: Жеті жарғы, 2011.- 368б.- (Оқулық).
6. Менің Қазақстаным! [Мәтін]. № 1. Плакаттар топтамасы / бас ред. Г.К.Сейдыханова.- Алматы: 8&8, 2011.- 18 плакаттар.- (Қазақстан тәуелсіздігіне).

7. Назарбаев, Н.Ә. Қазақстан жолы [Мәтін] / Н.Ә. Назарбаев.- Алматы: Жібек жолы, 2012.- 472б.; сур.- (Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының Қоры).
8. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия [Мәтін]. 9-том. Ұ-І / бас ред. Б.Аяған.- Алматы: Қазақ энциклопедиясының, 2007.- 688б.
9. Сатыбалдин, С. Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл: Реформалар. Бағдарламалар. Нәтижелер. Кеңестер [Мәтін] / С. Сатыбалдин.- Алматы: Сатыбалдин С.С., 2011.- 320б.
10. Трофимова, С.В. Біздің Отан: Қазақстан Тәуелсіздігінің Рәміздері [Мәтін] / С.В. Трофимова.- Алматы: 8&8, 2012.- 22б.: сур.



### **Мақалалар тізімі:**

11. Абдуллина, Н.Қ. "Өмір бойы бухгалтер болып жұмыс істедім, сол үшін тағдырыма ризамын" [Мәтін]: [Қазақстанның Ұлттық Банкі және ұлттық валютамыз туралы]: "Қазақстан Халық Банкі" АҚ басқарма төрағасының

кеңесшісі Наила Абдуллинамен сұқбат./әңгім.  
М. Аққұл; Р. Шүлембаева // Егемен Қазақстан.-  
2016.- 15 қараша (№219).- 6 б.

12. Айтжанова, Қ. Теңге - теңге болғалы  
[Мәтін]: [15-қараша - ұлттық валютамыздың  
айналысқа енген күні] // Орталық Қазақстан. -  
Қарағанды.- 2016.- 15 қараша (№184).- 1 б.
13. Айтжанова, Қ. Ұлттық валюта - елдіктің  
нышаны [Мәтін]: [15 қараша - төл теңгеміз  
қабылданған күн] // Орталық Қазақстан. -  
Қарағанды.- 2017.- 14 қараша (№127).- 1 б.
14. Асқар, А. Банкнот бейнесіндегі болашақ  
бедері [Мәтін]: [ұлттық валюта туралы] //  
Егемен Қазақстан.- 2016.- 17 қараша (№221).-  
13 б.
15. Асқар, А. Төл теңгеміз төрге озған күн  
[Мәтін]: [ұлттық валюта туралы] // Егемен  
Қазақстан.- 2017.- 15 қараша (№220).- 2 б.
16. Асқар, А. Ұлттық валюта ұлықталды  
[Мәтін]: [Ұлттық валюта - теңгенің тарихы  
туралы] // Егемен Қазақстан.- 2016.- 16 қараша  
(№220).- 1, 4 б.
17. Ақша қалай пайда болған? [электронды  
ресурс] қол жеткізу режімі:  
<http://bastama.kz/?p=44>
18. Археологтар жер астында 350 жыл  
жатқан тиын ақшалар тапты [электронды  
ресурс] қол жеткізу режімі: <https://www.zakon.kz/4799489-4799489-arkheologtar-zher-astynda-350-zhyl.html>

19. Әбілдинов, Қ. Теңгеміз тегеуірінді болса, төрге озамыз [Мәтін]: 15 қараша- Ұлттық валюта күні туралы // Орталық Қазақстан. - Қарағанды.- 2008.- 15 қараша.- 3 б.
20. Әлжанов, Б. Теңгенің жаңа дизайны: сіз не туралы сұрап үлгермедіңіз? [Мәтін]: [ҚР Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары Б.Әлжановпен сұхбат] // Егемен Қазақстан.- 2006.- 30 қыркүйек.- 7 б.
21. Базар, Б. Теңге: тағдырлы тарих // Дала мен қала.- 2013.- 21 қараша (№47).- 7 б.
22. Байназаров, Ғ. Теңге - тәуелсіз экономиканың темірқазығы: 15 қараша - Ұлттық валюта күні // Егемен Қазақстан.- 2012.- 15 қараша (№752-753).- 7 б.
23. Байназаров, Ғ. Төл теңгеміз төрге озған күн [Мәтін]: [Ұлттық валютамыз - теңгенің тарихы туралы]:Ұлттық банктің алғашқы төрағасы қызметін атқарған, қаржыгер Ғалым Байназаровпен сұхбат./ әңгім. А.Төлеуханқызы // Егемен Қазақстан.- 2016.- 12 қараша (№218).
24. Башмаков, А. Отандастарымыздың ортақ қуанышы [Мәтін]: [Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған ұлттық теңгемізде Тұңғыш Президент тұлғасы бедерленген] // Егемен Қазақстан.- 2016.- 17 қараша (№221).- 2 б
25. Бүгін - Ұлттық валюта - теңге күні [электронды ресурс] қол жеткізу режімі: [https://www.inform.kz/kz/bugin-ulttyk-valyuta-tenge-kuni-foto\\_a2839193](https://www.inform.kz/kz/bugin-ulttyk-valyuta-tenge-kuni-foto_a2839193)
26. Бітікова, Д. Ұлттық валютаны ұлықтар күні: [15 қараша - Ұлттық валюта - теңге күні] //



- Егемен Қазақстан.- 2014.- 14 қараша (№223).- 1б.
27. Ғабжалилов, Х. Теңгенің авторы - мен!:  
[төл теңгенің авторы, қоғам қайраткері Х.  
Ғабжалиловпен сұхбат / әңг. А. Кәдірбек] //  
Парасат.- 2013.- №11.- 4-5 б.
28. Ғабжәлелов, Х. "Нағыз тәуелсіздік теңге  
айналымға кірген күннен басталды": [теңгені  
жасаушылардың бірі Х. Ғабжәлеловпен сұхбат  
/ әңг. А. Есали] // Егемен Қазақстан.- 2011.- 7  
желтоқсан (№596-600).- 4 б.
29. Ғалиева, Д. Тәуелсіздігіміздің негізгі  
нышанына айналған жұмыс құралы: 15 қараша  
- Ұлттық валюта күні // Егемен Қазақстан.-  
2012.- 15 қараша (№752-753).- 6 б.
30. Ғалимоллаұлы, Ә. Жағдай басқарылуда  
бақылануда: Қазақстан Республикасының  
Ұлттық банкі туралы // Егемен Қазақстан.-  
2007.- 26 желтоқсан.- 4 б.
31. Донских, А. "Тік ұшу және шығармашылық  
самғау ақшасы": [теңгенің дизайнын ауыстыру  
туралы]. // Егемен Қазақстан.- 2006.- 18 тамыз.-  
6 б.
32. Ержанұлы, Е. Теңгеге - 24 жыл [Мәтін]:  
[15 қараша - Ұлттық валюта - теңге күні] // Заң  
газеті.- 2017.- 17 қараша (№89).- 8 б.
33. Жаңа он мыңдық ақша айналымға шықты  
[Мәтін]: [Тұңғыш Президент күніне орай  
Нұрсұлтан Назарбаев бейнеленген 10 мың  
теңгелік жаңа қағаз ақша шықты] // Құрыш қала  
KZ. - Теміртау.- 2016.- 25 қараша (№16).- 6 б.

34. Жұматұлы, Д. Төл теңгеміз - Тәуелсіздік тірегі [Мәтін]: [ұлттық валюта туралы // Ана тілі.- 2016.- 17-23 қараша (№46).- 2 б.
35. Ислямов, Ш. Теңдесі жоқ теңгеміз айналымға осылай енген еді: [Қазақстанның ұлттық валютасы] // Орталық Қазақстан. - Қарағанды.- 2013.- 9 қараша(№194-195).- 1 б.
36. Кәрім, Н. Теңдессіз елдің теңгесі [Мәтін]: [ұлттық валютамыз- теңгеміздің қабылданғанына 25 жыл] // Орталық Қазақстан. - Қарағанды.- 2018.- 4 қаңтар (№1).- 2 б.
37. Қажымұратов, Ж. 20 жылдың ішінде Қазақстан банкнот фабрикасы әлемдегі валюта шығаратын бәсекелес елдердің қатарына кірді: ["Банкнот фабрикасы" РМК директоры Ж. Қажымұратовпен әңгіме/әңг. А. Донских] // Егемен Қазақстан.- 2012.- 28 сәуір (№195-200).- 11 б.
38. Қажымұратов, Ж. Теңгенің сапасы жолындағы жаңғырту: Ұлттық валютаның эволюциясы Қазақстан банкнот фабрикасының тарихымен тікелей байланысты // Егемен Қазақстан.- 2012.- 27 қараша (№776-777).- 9 б.
39. Қамбарбекова, Ғ. Теңін тапқан теңге: 15-ші қараша қазақтың ұлттық валютасы күні / Ғ. Қамбарбекова // Ана тілі.- 2008.- 13 қараша.- 22-23 б.
40. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы ұлттық валютаның 20 жылдығына қазақстандық нумизматиканың толық жинағын ұсынады [электронды ресурс] қол жеткізу режімі:  
<http://strategy2050kz/news/2706>

41. «Қазақстан Республикасында ұлттық валютаны енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы 12.11.1993
42. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы №2155 Заңы [электронды ресурс] қол жеткізу режимі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002155\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002155_)
43. Қазақстан Ұлттық Банкі: Мұражай тарихы [электронды ресурс] қол жеткізу режимі: <http://www.nationalbank.kz/?docid=691&swit=kazakh>
44. ҚР Ұлттық банкі. ҚР валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы: ҚР Ұлттық банкі басқармасының қаулысы // Заң газеті.- 2007.- 2 ақпан.- 3-6 б.
45. Такенов Т.Е. Қазақстанның ұлттық ақшасының тарихынан [электронды ресурс] қол жеткізу режимі: <https://ehistory.kz/kz/contents/view/1632>
46. Мақыш, С. Мемлекетіміздің сыртқы борышы және оның салдары қандай болмақ?: [Қазақстан және сыртқы экономика туралы] // Ақиқат.- 2008.- №5.- 9-17 б.
47. Мәжитов, Д. Қазақстанның ұлттық валютасы - теңгеге - 19 жыл: 15 қараша - теңгенің туған күні // Орталық Қазақстан. - Қарағанды.- 2012.- 13 қараша (№ 191).- 4 б.
48. Мәжитов, Д. Теңге - егемендік пен елдіктің белгісі // Орталық Қазақстан. - Қарағанды.-

2013.- 14 қараша (№197-198).- 2 б.

49. Сәйденов, Ә. "Теңге айырбастау. Бір-бір және ешқандай деноминация жоқ" [Мәтін]: [республика Ұлттық Банкінің төрағасы Ә.Сәйденовпен әңгіме] // Егемен Қазақстан.- 2006.- 11 тамыз.- 6 б.
50. Тәжіяқов, Б. Тәуелсіздікпен келген теңге: [Ұлттық валюта - теңге күніне арналған Ұлттық банк төрағасы Б. Тәжіяқовпен әңгіме /әңг. Б. Балғарина] // Егемен Қазақстан.- 2011.- 15 қараша (№541-542).- 3 б.
51. Теңге тарихы. Қазақстан Республикасының валютасы [электронды ресурс] қол жеткізу режимі: <https://bigox.kz/tenge-tarixy-kazakstan-respublikasynyn-valyutasy/>
52. Теңге тарихы: Қазақстанның төл валютасы қалай шықты? [электронды ресурс] қол жеткізу режимі: [https://www.inform.kz/kz/tenge-tarihy-kazakstannyn-tol-valytasy-kalayshyqty\\_a2844098](https://www.inform.kz/kz/tenge-tarihy-kazakstannyn-tol-valytasy-kalayshyqty_a2844098)
53. Теңге туралы қызықты деректер [электронды ресурс] қол жеткізу режимі: [https://massaget.kz/mangilik\\_el/tup\\_tamyir/kazak\\_handyiqyi\\_-\\_550\\_jyl/34853/](https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/kazak_handyiqyi_-_550_jyl/34853/)
54. Тутушкин, В. Өсу кезеңіне өту [Мәтін]: [Қазақстан Ұлттық Банкі зерттеулер мен статистика департаментінің директоры Виталий Тутушкинмен сұқбат] /әңгім. С.Шайынғазы // Егемен Қазақстан.- 2017.- 7 наурыз (№47).- 7 б.
55. Ұлттық валюта күні// Орталық Қазақстан. -

Қарағанды.- 2005.- 15 қараша.- 7 б.

56. Ұлттық теңгенің айналымға ену тарихы [электронды ресурс] қол жеткізу режімі:  
<https://e-history.kz/kz/contents/view/1857>
57. Шайынғазы, С. Резервтік валюта дегеніміз не? Немесе юань туралы сөз [Мәтін]:  
[Қытайдың ұлттық валютасы - юань туралы ] // Егемен Қазақстан.- 2016.- 7 қазан (№192).- 7 б.





## **Мазмұны:**

Оқырманға .....	4 б.
Ақшаның шығу тарихы .....	5-6 б.
Ұлттық валюта – төл теңге .....	7-9 б.
Ұлттық Банктің мұражайы .....	10-12 б.
Әдебиеттер тізімі .....	13-21 б.













Құрастырған:  
АББ библиографы  
К.А. Жанашева

ОК: Победа көшесі, 12 үй  
телефоны: 8(7213) 98-47-60  
ОК сайты: [www.kulturatem.kz](http://www.kulturatem.kz)  
e-mail: [tcsqb@mail.ru](mailto:tcsqb@mail.ru)



